



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Антифрод-орталықтың жұмыс нәтижесі: 2,8 млрд теңгенің күдікті операциялары бұғатталды

Астана қ.

2026 жылғы 4 ақпан

Ұлттық Банктің Антифрод-орталығы (бұдан әрі – Антифрод-орталық) алаяқтық операцияларды анықтау және алдын алу бағытындағы жұмысын үздіксіз жалғастырып келеді.

2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Антифрод-орталық алаяқтық белгісі бар 80 871 транзакцияны, сондай-ақ есірткі саудасы мен заңсыз ойын бизнесіне және қаржы пирамидасына қатысты 19 810-ға жуық оқиғаны тіркеді. Антифрод-орталықтың жұмысы арқасында 2,8 млрд теңге дер кезінде бұғатталды, алаяқтардың әрекетінен зардап шеккен азаматтарға жарты миллиардтан астам теңге қайтарылды.

Антифрод-орталықтың бірыңғай контуры аясында алаяқтық операцияларға қарсы іс-қимыл процесінің негізгі қатысушылары, оның ішінде қаржы нарығының, Бас прокуратура, Ішкі істер министрлігі мен ұялы байланыс операторларының өзара іс-қимылы жолға қойылған.

2025 жылы Ұлттық Банк Антифрод-орталықтың функционалын кеңейту және жұмыс тиімділігін арттыру бойынша ауқымды жұмыс жүргізді. [Заңнамалық түзетулер пакеті](#) қабылданды. Ол:

зардап шеккендерге бұғатталған ақшаны қайтару процедурасын жеңілдетуді;

алаяқтыққа қатысы бар нөмірлерді анықтау үшін Антифрод-орталықты ұялы байланыстың абонент құрылғыларының сәйкестендіру коды дерекқорымен (IMEI-кодтар) және байланыс операторларының базаларымен интеграциялауды, сондай-ақ оларды бұғаттау талаптарын;

басқа заңсыз операцияларға қарсы іс-қимыл жасау үшін қосымша мәліметтер базасын қосу арқылы Антифрод-орталықтың функционалдығын кеңейтуді (есірткі саудасы, заңсыз ойын бизнесі және басқалар саласында);

Антифрод-орталықтың дерекқорына енгізілген тұлғалардың қаржылық қызметінің шектеулі тізбесін алу мүмкіндігін (зейнетақы, шәкіртақы, жәрдемақы және жалақы төлеу аясында әлеуметтік төлемдер мен өзге де ақша аударымдарына қол жеткізуді) қамтиды.

Сонымен қатар, Антифрод-орталық платформасының өзара интеграциялық іс-қимылы едәуір кеңейтілді. 2025 жылғы тамызда Ұлттық Банк пен Бас прокуратура Антифрод-орталықты «Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімі» (Бірыңғай тізілім) ақпараттық жүйесімен интеграциялаудың бірінші кезеңін аяқтады. Бұл құқық бұзушылықтарды тіркеу және құжаттау рәсімін жеңілдетті, Бас прокуратураның заңсыз операцияларды қадағалауын күшейтті, сондай-ақ оқиғаларға жауап беруді жеделдетті. Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің ұялы байланыстың абоненттік құрылғыларының сәйкестендіру коды (IMEI-кодтар) дерекқорымен интеграциялау жұмыстары да жүргізіліп жатыр.

Банктер туралы жаңа заң мен ілеспе заң¹ аясында қаржы нарығындағы алаяқтыққа қарсы күресті күшейтуге және қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқығын қорғауға бағытталған түзетулер қабылданды.

Атап айтқанда, Антифрод-орталыққа қатысушылар аясы кеңейтілді – кредиттік бюролар енгізілді. Олар үшін жеке тұлға бір сағат ішінде екі немесе одан да көп қаржы ұйымына тұтынушылық банктік қарыз немесе микрокредит алуға өтініш берген жағдайлар туралы ақпаратты Антифрод-орталыққа жедел беру міндеті белгіленген.

Бұдан басқа, егер жәбірленушіге төлем немесе аударым жасалған жағдайда ақшаны өтеу міндетімен қаржы және төлем ұйымдарының келесідей жауапкершілігі енгізілді:

бенефициар Антифрод-орталықтың дерекқорында болған кезде оған төлем немесе ақша аудару;

алаяқтық фактісі бойынша заңды күшіне енген сот актісі болған кезде ақша жөнелтушіні сәйкестендіру талаптарын бұзғанда.

Ұлттық Банк Антифрод-орталықты одан әрі дамыту аясында клиенттің күдікті операцияларын ерте анықтау үшін платформаның аналитикалық әлеуетін дамыту бағытында жұмыс жүріп жатыр. Пилоттық жоба аясында мінез-құлықты талдау және алаяқтық қауіпті болжау үшін жасанды интеллект құралдары пайдаланылады.

¹«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы нарығын реттеу және дамыту, байланыс және банкроттық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы ала алады:

+7 (7172) 77-52-10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz